

«Бекітемін»
МКҚК «Айгөлек»
бөбекжай- балабақшасының
менгерушісі: Кужакова М.С.

«Қаралды»
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қарғалы ауданын білім бөлімі»
ММ бөлімінің сарапшылар кеңесі

«Қызықты логика әлемі»
Вариативтік компонент
«Балдырған» ересек тобы
2021-2022 оқу жылы

Тәрбиеші: Есеркенова Ж.Т.

Қаралды:
әдіскер МКҚК «Айгөлек»
бөбекжай-балабақшасы
Иралимова Б.К.

КІРІСПЕ

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

«Сиқырлы логика әлемі» арқылы айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, балалардың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Ойынның шарттары қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға бірте-бірте ауыстыру ұстанымдарын басшылыққа алады. "Сиқырлы логика әлемі" вариативтік компонент мектепке дейінгі (4-5 жас) жастағы балаларға мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес вариативтік бөлімде тәрбиеленушілердің танымдық талғамдарын ой өрісін арттыруға және балаларды мектепке даярлауға бағытталған көмекші құрал.

Ұсынылып отырған «Қызықты логика әлемі» вариативтік компонент 4-5 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгертеді. Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар, қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Материалдар ҰОІӨ негізгі тақырыптарын жинақтап, қорытындылауды талап ететіндей, «Кім тапқыр», «Ойнайық та ойлайық!», «Кішкентай математиктер», «Ғажайып тапсырмалар», «Үздік логиктер» тақырыбы бойынша балалардың білімдерін тереңдетіп, кеңейтетіндей етіп іріктелген. Сондай-ақ, балалардың вариативті бөлімнен алған әсерлерін, көңілді бейнелермен рефлексия жасауға үйретеміз.

Қазіргі дамытушы ойындар «Игровизор», «Танграм», «Коломбовое яйцо», «Монгол» ойындары арқылы әртүрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табады, ортақ белгілеріне қарай заттарды топтарға дұрыс топтастырады, тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады. Балалардың тапсырмаларға деген қызығушылығын әрі қарай өрбіту үшін, «Күлдірген», «Дымбілмес», «Буратино», «Алдаркөсе» «Құрбақа» сияқты тосын сәттер кіргізілген. Ең бастысы берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын тудыра білу.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына:

-Бағдарлама;

-күнтізбелік жоспар 36 сағатқа бағытталған;

-ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық карталары;

-қосымша материал: логикалық тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Коломбовое яйцо» ойыны, «Монгол» ойыны сөзжұмбақтар, жұмбақтар, санамақтар.

Бағдарламаның мақсаты:

Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.



Бағдарламаның міндеттері:


- ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.;
- талдап-ойлауға, есте сақтауға, ой-өрісті дамытуға, қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыландыру;
- зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту,

Нәтижесінде:

- Балалардың мектепке даярлығына, заттардың қасиетін аша отырып мұқият тыңдауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге;
- Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға (бір, екі, үш), заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады
- Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру

«Қызықты логика әлемі»
«Таным» білім беру саласы бойынша вариативтік компонентінің (36с)

№	Сабақтың тақырыбы:	Мақсаты	Қолданатын дидактикалық материал	ҰОІӨ саны	Мер
1	«Кәне, кім тапқыр!»	Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, математикадан алған білімдерін пысықтау, ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеделдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру.	Логикалық тапсырмалар, үлестірмелі суреттер, сызба карточкалар, санағыш таяқшалар, үн таспа, «Монгол» ойыны, «Игровизор», кейіпкер 	1	03.0
2	«Хайуанаттар бағындағы қызықтар»	Балаларға хайуанаттар бағы туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айту арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	аңдардың карточкалары, үн таспа, логикалық тапсырма, сызба тапсырмалар, «Игравизор», «Танграм» ойыны, хайуанаттар бағы 	1	10.09
3	«Кішкентай математиктер»	Балаларды жіктеу, орналастыру сияқты логикалық амалдарды ғана емес, ойнату пайымдауды қажет ететін логикалық тапсырмаларды орындату: заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру.	ойынға қажетті карточкалар, сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Игровизор», кейіпкер 	1	17.09
4	«Ойнайық, та ойлайық»	Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттеін арттыру, ынтамен дұрыс орындауға үйрету, ой-өрісін кеңейту.	сандар, үлестірмелі аңдар суреттері, сызба тапсырма, логикалық тапсырма «Игровизор» ертегі кейіпкерлері 	1	24.09.2
5	«Үздік логиктар»	Геометриялық пішіндерді ажырата отырып, логикалық ойлау қабілетін	түрлі-түсті шарлар, үлестірмелі	1	01.10.20

		тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру.	тапсырма, «Игровизор», тосын сәт, 		
6	«Пішіндер сыры»	Балалардың зиінін ойлау қабілеттерін сандардың таңбаларын танып ажыратуды, геометриялық денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	түрлі түсті пішіндер, (гүл, орамал, бантик, көзілдірік), сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграмм» ойыны, «Игровизор» 	1	08.10.20
7	«Ғажайып тапсырмаларға саяхат»	Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	логикалық тапсырмалар, жұмбақтар, сандар, үлестірмелі карточка, сызба тапсырма, «Танграмм» ойыны, «Игровизор», кейіпкер 	1	15.10.20
8	«Ғажайып тапсырма әлемі»	Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды одан әрі жалғастыру. Көп білуге, ізденуге ұмтылдыру, білімдерін жан жақты дамыту, ұшқыр ойлауға баулу.	үлгі карточкалар, сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма, «Коломбовое яйцо», «Танграмм» ойыны, «Игровизор», кейіпкер, 	1	22.10.202
9	«Тапқыр болсаң, тауып көр»	Мақсаты: Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.	сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Коломбовое яйцо», «Танграмм» ойыны, «Игровизор» кейіпкелер 	1	29.10.2021

10	«Логика сыры»	санау ұғымдарын одан әрі жалғастыру, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау, белсенділікке баулу.	ойынға қажетті заттар, сандар, санағыш, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Коломбовое яйцо», «Игровизор», кейіпкер 	1	05.11.20
11	Ойна да ойлан!	Балаларды есте сақтау қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Логикалық есептер шығару арқылы ойлау қабілетін, ұзын, қысқа, биік, аласа ұғымдарын бекіту, байқампаздығын сабаққа қызығушылығын дамыту.	ойынға қажетті сурет, сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграм» ойыны, «Игровизор», кейіпкер, 	1	12.11.202
12	Ойна, ойла, жікте!	Логикалық ойлау қабілеттерін, білім-білік дағдыларын, ойнай отырып ойлауға бағыт беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	ойынға қажетті суреттер, сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Монгол» ойыны, «Игровизор»	1	19.11.202
13	Зейінді бол	Балалардың зейінін шоғырландыру, ой-өрісін, танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, пәнге қызығушылығын, белсенділігін дамыту. жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету	ойынға қажетті суреттер, сиқырлы қапшық сызба тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Игровизор» кейіпкері, 	1	26.11.202
14	«Жүзден жүйрік»	сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зиянын тұрақтандыру.	сызба карточкалар, сандар, санамақ, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яйцо», «Игровизор», кейіпкер	1	03.12.2021

					
15	«Сықырлы қораптың қызықтары»	заттың қасиеттерін, геометрикалық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау, сандар құрамын бекіту, саусақ қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын, зиянын дамыту.	сықырлы қарындаш, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор», тосын сәт, 	1	10.12.20
16	«Кішкентай тапқырлар»	Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Белсенділікке шапшаңдыққа, кеңестікті бағдарлай білуге үйрету	логикалық тапсырмалар, «Танграм», «Игровизор», кейіпкер, 	1	24.12.20
17	«Логиктарға тапсырма»	Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін, пішінін, сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Игровизор».	1	31.12.202
18	«Көңілді логиктар»	Балалардың ойлау қабілеттерін, зиянын тапсырмалар арқылы тұрақтандыру, байқампаздыққа баулу.	Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор», кейіпкер 	1	14.01.202
19	«Бақаның қызықты тапсырмалар»	Балалардың заттардың белгілеріне қарай салыстыру, кеңестікте орналасу қалпын анықтау. Топтастырылған бейнені таба білуге машықтандыру.	бөлме сызбасы, асықтар, ребустар, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны,  «Игровизор», кейіпкер	1	21.01.2022
20	Логика сыры	Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зиянын дамыту.	сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яйцо», «Игровизор»	1	28.01.2022

21	«Ұлудың көңілді тапсырмасы»	Балаларды сөзжұмбақтарды шеше білуге дағдыландыру, заттардың ұқсастығын ажырата білу, ойлау қабілеттерін арттыру.	сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақ, «Коломбовое яйцо» кейіпкер Ұлу, «Игровизор» 	1	04.02.2022
22	Ойнап жүріп, ойлайық!	Балалардың зиянын қызықты тапсырмалар арқылы жетілдіру, логикалық есептерді орындай білуге дағдыландыру.	сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яйцо», «Игровизор» кейіпкер 	1	11.02.2022
23	«Ойлан тап»	Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.	сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яйцо» ойыны, «Игровизор», кейіпкер, 	1	18.02.2022
24	«Ойнайық, шешпей оны қоймайық»	Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Қисынды есептерді шығара отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.	Сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар, «Танграм», «Игровизор»,	1	25.02.2022
25	«Тез ойла, ойна!»	Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру, санамақтар арқылы сандарды айта білуге, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яйцо» ойыны, «Игровизор»,	1	04.03.2022

26	«Математика әлемінде»	Геометриялық денелерді атау, ажырата білулерін қалыптастыру, берілген жолақшаларды, кейін тура санау қабілеттерін бекіту. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, тапқырлықтарын дамыту, достыққа тәрбиелеуге, ойын түрде білімдерін тиянақтау.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Монгол» ойыны, «Игровизор», кейіпкер 	1	11.03.2022
27	Кім жылдам?	Балаларды санау дағдыларын одан әрі дамыту, уақыт жайында қарапайым, түсініктерін бекіту.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Танграм» ойыны, «Игровизор»,	1	18.03.2022
28	«Пысықтаушы логика жаттығулары»	Сан құрайын ажыратудың әр түрлі тәсілдері; ақыл-ой белсенділігін күшейту, шапшаңдылыққа, дәлдікке тәрбиелеу.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Танграм» ойыны, «Игровизор»,	1	25.03.2022
29	««Бауырсақтың тапсырмалары»»	сандар, пішіндер туралы білімдерін жетілдіру. Логикалық есептерді шығару дағдыларын дамыту.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Танграм» ойыны, «Игровизор», 	1	01.04.2022
30	«Логикалық жаттығулардың сипаты»	кеңістікте бағдарлай алуға, зейіндерін, қиялдарын логикалық тапсырмалар арқылы дамытуға, белсенділікке, тапқырлыққа үйрету.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое яйцо» ойыны, «Игровизор»,	1	08.04.2022
31	«Пішіндер тапсырмалары»	Түс пен сандар туралы білімдерін жетілдіру, логикалық есептерді шығару дағдыларын жетілдіру.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое яйцо» ойыны, «Игровизор»,	1	15.04.2022
32		заттарды салыстыра білу	логикалық тапсырмалар,	1	22.04.2022

	Қызықты тапсырмалар	ұғымын бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	сызба тапсырмалар, сандар, «Монгол», «Коломбовое яйцо» ойыны, «Игровизор», 		
33	«Тапқыр болсаң, тауып көр»	Пішіндер жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын, қиялдарын дамыту.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое яйцо» ойыны, «Игровизор» 	1	29.04.2022
34	«Қызықты математика»	логикалық ойлау қабілеттерін, қиялдарын дамыту. ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту	логикалық тапсырмалар, сандар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое яйцо» ойыны, «Танграм» «Игровизор», кейіпкер 	1	13.05.2022
35	«Сандықтағы қызықты тапсырмалар»	логикалық ойындар мен шытырман жолдарды пайдалану арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Балалардың тәулік мезгілдерін, апта күндерінің жыл айларының реті туралы білімін бекіту.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое яйцо» ойыны, «Игровизор», 	1	20.05.2022
36	Не білдім, не үйрендім	Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау; есептеу дағдыларын жаттықтыру; геометриялық пішіндер және геометриялық денелер туралы білімдерін бекіту; баланың тілін, ойын танымдық қабілетін дамыту.	логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Танграм», «Коломбовое яйцо» ойыны, «Игровизор», 	1	27.05.2022
	Барлығы			36 сағат	

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қызықты математика Алматы кітап 1998.
2. «Ойнайық та, ойлайық» Алматы кітап 1996.
3. 12 жылдық білім 2008, №7.
4. Қазақстан Республикасы бастауыш білім беру стандарты. Алматы, 2003ж.
5. «Кім зерек?» Алматы 1993.
6. «Сказочные задачи» 1 сынып О.В.Лысова, О.В.Кутянина
7. Математика және информатика журналы 2002, № 6.
8. «Бастауыш мектептің математикасы» Т.Л.Пахомова
9. «Математикадан өзіндік және бақылау жұмыстары» авторлары: К.Ерешева, Г. Жамалбекова «Өлке» баспасы Алматы 2009
10. «Қызықты математика» Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова «Алматыкітап» 2011ж.
11. «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар» Ш.Х.Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева «Атамұра» 1997ж.
12. «Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар» Т.К.Жикалкина, Алматы «Рауан» 1992ж.